

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ДЕПАРТАМЕНТІ**

**Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау
ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Дөң – 2022

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ-нің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытынды

Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Дөң ауылы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №20-01.02.12. 17-1204-6/53 білім беру ұйымдарының ҚР «Білім туралы» Заңының 59-бабы 4-1 бөлімі талабына сәйкес білім беру ұйымдарында жыл сайын өзін-өзі бағалау жұмыстары Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау жұмыстары 2022 жылғы 05 ақпан №7/1н бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді:

1. Құрманов Абзал Еркінұлы – Дөң мектеп-гимназиясының директоры, комиссия төрағасы
2. Бижанова Динара Маратовна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Нуржанова Эльмира Зейноллаевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Кенесова Айгуль Кауышбаевна - директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Биржанова Айзат Айтугановна - дарын жетекшісі, комиссия мүшесі;
6. Бекова Гаухар Калдыбаевна – директордың тәрбие ісінің орынбасары, комиссия мүшесі;
7. Митонова Гульден Анарбековна – педагог-психолог, комиссия мүшесі;
8. Ермеккарина Айзат Құлтасбайқызы - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
9. Иржанова Шара Боранбаевна - кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі;

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.	
1)	білім беру ұйымының толық атауы. Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2)	білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң ауылдық округі, Дөң ауылы, Бейбітшілік көшесі, 50 ғимарат, почталық индекс 031102

3)	Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт). Телефон: 8(71336)41-2-25, электронды пошта – info@don.edu.kz сайты http://don.school-cr.kz/wp-admin
4)	занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). Гимназия директоры Құрманов Абзал Еркінұлы, ұялы телефоны: 87054442488, Хромтау ауданының білім бөлімінің 12 маусым 2019 жыл №27 бұйрығымен тағайындалған.
5)	құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 25 ақпанда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 08.05.1997 жыл, БСН-970440003049. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Кәсіпорын жарғысы Ақтөбе облысының білім басқармасының тіркеу №159-1904-16-ММ 17.01.2021 жылы тіркелген.
6)	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 30.11.2021 жылы №KZ55RVK00037133 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 25.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ52LAA00024873 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:	
1)	білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектепалды даярлық сыныбында аптасына 5 күндік жұмыс жасайтынын барлығы 3 сынып жинақталғанын, тәрбиелеу мен оқыту қазақ, орыс тілде жүргізілетінін көрсетті. 2017-2018, 2018-2019 оқу жылында 3 қазақ, 1 орыс мектепалды даярлық сыныбы, 2019-2020 оқу жылында 2 қазақ 1 орыс мектепалды даярлық сыныбы, 2020-2021 оқу жылында 1 қазақ, 1 орыс мектепалды даярлық сыныбы болған. Мектептің өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» (бұдан әрі-ҮОЖ) негізделіп құрылған және бекітілген. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары оқу жүктемесінің сағат сандарында ауытқушылық анықталмады. Ұйымдастырылған оқу іс - шараларының кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Осыған орай оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жылында МЖМБС мен ҮОЖ басшылыққа ала отырып құрылғаны және бекітілгені анықталды.

	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 2-тарау 4-тармағы 1) тармақша, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген 1- қосымша және 2-қосымшаға сәйкес келеді.
2)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДГО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде: Талдау нәтижелері: 2017-2018,2018-2019,2019-2020,2020-2021,2021-2022 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды. Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған. Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылуда. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектеп алды даярлық сыныбының мұғалімдері, дене шынықтыру мұғалімі стандартқа сай құрастырылған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабактары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту,білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті. Педагогтердің бейнесабактары үзінді ретінде берілген. Алайда педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау,педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау

	бойынша бейнесабактарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында әртүрлі топтағы балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған, талапқа сай жасақталған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 2-тарау 4-тармақ 2) тармақша, 5, 9-13-тармағына сәйкес келеді.
3)	МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру. <u>Талдау нәтижелері:</u> Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында бейнематериалдары бойынша мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының 6) тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты 3 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру 1.2 бөлімі бойынша бағасы uzдік интернет жылдамдығы 20 Мбс/с –тан астам.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 2- тарау 8-тармақ, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы 1- қосымша 1 - тарау 3 тармаққа сәйкес келеді.
4)	МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы. <u>Талдау нәтижелері:</u> Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу келесі көрсеткіштерді анықтады: 2017-2018 оқу жылының педагог кадрлары бойынша 4 педагог жұмыс атқарған, оның ішінде 2 педагог - II- санатты, 2 педагогтың санаты жоқ. 2018-2019

оқу жылы бойынша 4 педагог жұмыс атқарған. Оның ішінде II санатты- 2 педагог, санаты жоқ-2 педагог. 2019-2020 оқу жылдары бойынша 2 педагог жұмыс атқарған. Оның ішінде 1 педагог II-санатты, санаты жоқ- 1 педагог. 2020-2021 оқу жылында 1 педагог жұмыс атқарған. Педагог-модератор. 2021-2022 оқу жылында 2 педагог жұмыс атқарады. Білімі Арнаулы орта. 1 педагог-модератор, санаты жоқ 1 педагог.

Оқу жылдары	Педагог тар саны	Білімі		Санаты						
		Жоғары білімді	Арнаулы білімді	жоғары	I	II	Зерттеуші	Сарапшы	Модератор	Санатсыз
2021-2022 оқу жылы	2	0	2	0	0	0	0	0	1	1

Осылайша, жалпы педагогтердің диплом бойынша бастауыш сыныпта оқыту мамандықтары атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы 1.1 бөлімі бойынша бағасы мектепалды даярлық сыныбының өлшеуіштерге сәйкес емес.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы 17-тармағына сәйкес келеді.

5) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Талдау нәтижелері: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілген. Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған. 2017-2018 оқу жылында қазақ тобында 61 бала, орыс тобында 6 бала. 2018-2019 оқу жылында қазақ тобында 55 бала, орыс тобында 7 бала. 2019-2020 оқу жылында қазақ тобында 38 бала, орыс тобында 8 бала. 2020-2021 оқу жылында қазақ тобында 22 бала, орыс тобында 8 бала. 2021-2022 оқу жылында қазақ тобында 40 бала, орыс тобында 6 бала. 2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты айқындалған. Білім беру ұйымында балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 2- тарау 7-тармақ, 4- тарау 16-тармаққа сәйкес келеді.

6) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру.

Талдау нәтижелері: Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған

	«Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілген. Жұмыс оқу жоспары жасалып білім беру салалары көрсетіліп, ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген. Осыған орай сабақ кестелері жасалған. Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар көрсетілген. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы циклограммалары перспективалық жоспарларымен сәйкес келеді. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өтпелі тақырыптарды жан-жақты ашу мақсатында циклограмма құрылған. Балалардың өз бетінше шешім қабылдап, топпен жұмыс жасау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берілген. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Мектепалды даярлық тобын зерделеу кезеңіндегі зияткерлік конкурстарға қатысып жақсы нәтиже көрсеткен. «Пони» интеллектуалды конкурс бойынша дипломмен марапатталған. Балалардың жетістігін айқындайтын диплом, марапаттарының көшірмесі ұсынылған. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Зияткерлік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері 1.3, 1.4 бөлімі бойынша орташа деп бағаланды. Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстыруды арттыру ұсынылады.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1- қосымша 2-тарау 8-тармағына сәйкес келеді.
7)	Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы. Талдау нәтижелері: Зерделеу кезінде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылған. Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей, мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы 5 білім беру саласы бойынша жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балардың деңгейі көрсетілген. 2021-2022-оқу жылының бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының көрсеткіші 48,5% пайыз болғаны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1- қосымша 2- тарау 7-тармағы және 4- тарау 16, 17- тармақтарына сәйкес келеді.
3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар	
1)	МДТО УОЖ-да белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі. Талдау нәтижелері: МДТО УОЖ-да белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі. Талдау нәтижелері: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында Өткен төрт оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарларында УОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген. Білім беру мазмұны бойынша өтпелі тақырыптарға сәйкес ұзақ мерзімді жоспарлар

	бекітіліп, циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген, 5 білім беру саласын қамтиды. Циклограммада тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған. 2017-2018 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық I-IV тобында «Денсаулық»-99 сағат, «Қатынас» -214,5 сағат, «Таным» - 115,5 сағат, «Шығармашылық» - 165 сағат, «Әлеумет» - 66 сағат. Вариативтік компонентте -132 сағат. Жылдық оқу жүктемесі -792 сағат. 2018-2019 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық I-IV тобында «Денсаулық»-384 сағат, «Қатынас» -832 сағат, «Таным» - 448 сағат, «Шығармашылық» - 640 сағат, «Әлеумет» - 256 сағат. Вариативтік компонентте -512 сағат. Жылдық оқу жүктемесі -3072 сағат. 2019-2020 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық I-III тобында «Денсаулық»-288 сағат, «Қатынас» -480 сағат, «Таным» - 240 сағат, «Шығармашылық» - 480 сағат, «Әлеумет» - 144 сағат. Вариативтік компонентте -288 сағат. Жылдық оқу жүктемесі -1920 сағат. 2020-2021 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық I-II тобында «Денсаулық»-198 сағат, «Қатынас» -330 сағат, «Таным» - 165 сағат, «Шығармашылық» - 330 сағат, «Әлеумет» - 99 сағат. Вариативтік компонентте -198 сағат. Жылдық оқу жүктемесі -1320 сағат. 2021-2022 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық I-III тобында «Денсаулық»-297 сағат, «Қатынас» -495 сағат, «Таным» - 247,5 сағат, «Шығармашылық» - 495 сағат, «Әлеумет» - 148,5 сағат. Вариативтік компонентте -297 сағат. Жылдық оқу жүктемесі -1980 сағат. Ұсынылған материалдарды зерделеуде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 14-тармағы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы 1-қосымшасына сәйкес келеді.
2)	Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау. Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымында тәрбиелеу және оқыту жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ұсынылған материалдарды зерттеу нәтижесінде, 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары бойынша апталық оқу жүктемесі толық сақталған. Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар білім беру ұйымы басшысының бекіткен өтпелі тақырыптарымен сәйкес келеді. Орыс тілі маманының құжаттарында топтардың перспективалық жоспарына жас ерекшеліктерін сақтай отырып орыс тілінің тақырыптары енгізілген. Ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуда тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды тілдік нормаларды игеруді мемлекеттік және орыс тілдеріне үйретуді қамтып отырғаны анықталды. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылының сабақ кестесі бекітілген оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 4-тармағы 1) тармақшасына, 10-тармағы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы 1-қосымшасына сәйкес келеді.
4. Оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар	
1.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру

	бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар. Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылында тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге жету деңгейін анықтайтын мониторинг жасалып, баланың жеке даму картасы әзірленген. Циклограмма ұзақ мерзімді жоспар бойынша педагогтарда жасалып бекітілген. Ұзақ мерзімді жоспарда өтпелі тақырыптар көрсетіліп, білім беру жүзеге асырылған, циклограммада көрсетілген. Балалар тізбедегі біліктер мен дағдыларды игергендігі мониторинг барысында айқындалған. Білім беру ұйымында оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. (біліктер мен дағдылардың диагностикасы). 2021-2022 оқу жылы білім беру ұйымында жүргізілген жетістіктерінің мониторинг деректерінің сәйкестігін айқындау үшін мектепалды сыныптың 46 ата-аналарға (заңды өкілдерге) сауалнама жүргізілген. Мектепалды даярлық сынып ата-аналармен (заңды өкілдермен) сауалнама оқыту нәтижелерін бағалауға жататын контингенттің тізімдік құрамы 46 баланы құрайды. Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын сауалнамаға қатысқан ата-аналар (заңды өкілдер) 100%-ды құрайды. Ата - аналардан немесе тәрбиеленушілердің заңды өкілдерінен сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау үшін мектепалды даярлық сыныбының ата-аналарымен сауалнама өткізілген. Сауалнамаға барлығы 58 ата-ана қатысқан. Ата-аналар толтырған сауалнамалардың түпнұсқалары алынып, талдау жасалды. Сауалнамаға қамтылған ата-аналар сауалнамадағы дағдылардың мазмұнын түсінгендігін, сауалнаманы өз ықыласымен толтырғандығын. Сауалнаманың нәтижесінде «Денсаулық сақтау дағдылары» бойынша – «жауап беруге қиналамын» 14% , «келісемін» - 45,5%, «толығымен келісемін» - 40,5%, «Коммуникативтік-тілдік дағдылар» бойынша «келіспеймін» -4,2%, «жауап беруге қиналамын» 13,9% , «келісемін» - 42,7%, «толығымен келісемін» - 39,2%, «Танымдық дағдылар» бойынша «келіспеймін» -2,5%, «жауап беруге қиналамын» 12,9%, «келісемін» - 43,3%, «толығымен келісемін» - 41,2%, «Шығармашылық дағдылар» бойынша «толығымен келіспеймін» - 8,6% «келіспеймін» -10,9%, «жауап беруге қиналамын» 17,2% , «келісемін» - 38,5%, «толығымен келісемін» - 24,1%, «Әлеуметтік дағдылар» бөлігінде ата-аналар «жауап беруге қиналамын» 2,5% , «келісемін» - 54,8%, «толығымен келісемін» - 42,7% жауабын белгілеген.Сауалнама қорытындысында толығымен келіспейтін – 1,3 % , келіспейтін -3,7 % , жауап беруге қиналатын- 12,8, келісетін – 44,2%, толығымен келісетін – 38,1%, жалпы қанағаттанатын -82,3% құрайды. Респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне 75 %-дан астам қанағаттанған.Сауалнама нәтижелері мектепалды даярлық тобындағы сыныбындағы балалардың ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (білік пен дағдылар диагностикасы) нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған респонденттер 50 %-дан кем емес. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру 2.1 бөлімі бойынша uzdik деп бағаланды.
	ҚОРЫТЫНДЫ. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 4-тарау 20-тармағына сәйкес келеді.
5. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:	
1)	МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру. Талдау нәтижелері: ұсынылған әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу

	қызметінің бейнематериалдарына талдау жасалды.Ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдары білім беру салалары, оқу қызметінің атауы, жас ерекшелігі ұсынылған. Оқыту процесінде ұйымдастыруда балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескерілген. Мектепалды даярлық I- тобы «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» пәнінен «7,8,9 сандары мен цифрлары» сабағы. Оқу қызметінің өту барысы оқушыға қойылған мақсаты, талаптары, оқушының жас ерекшеліктеріне арналған. Оқу қызметінің ұйымдастыру бөлімінде оқушыларды «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы тұрғызып, оқушылардың ынтасын аударды. Балалар «Сиқырлы сандық» әдісі бойынша топқа бөлінді. «Кім жылдам?» арқылы өтілген материалды еске түсірді. Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында «Өз орынды тап» ойынын жаңа сабақтың тақырыбын ашуға ұтымды пайдаланды. Сонымен қатар оқу қызметінің барысында «Түсіне қарап бөл» арқылы топтық тапсырма орындалды, дәптермен жұмыс жүргізілді. Оқу қызметі тиянақты көрнекілікпен, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті.Ұсыныс: Оқу қызметінде дәстүрлі сабаққа қарағанда жаңартылған білім беру мазмұнына сай элементтерді әлде де дамытып, пайдалану. Педагог оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану құзыреттілігін дамыту. Мектепалды даярлық II- тобы «Жаратылыстану» пәнінен «Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?» тақырыбындағы бейнесабағы. Оқу қызметінің барысы «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы жаңа тақырыпты бастады. Оқушылардың зейінін өзіне аударды. Оқу қызметі барысында топтық тапсырма, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап әдісі және жазба жұмыстары жүргізілді. Білімбукті пайдаланып суреттер, мақал-мәтелдер көрсетілді. Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Сергіту сәті» жүргізілді. Ұсыныс: Келесі оқу қызметінде Білімбуктің мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушылар да цифрлық білім беру ресурстарынмен жұмыс жасау. Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін білу үшін кері байланыс жүргізу.Мектеп алды даярлық III- тобы. Сауат ашу пәнінен «Біздің ойындарымыз. Сөйлем» тақырыбында бейнесабақ. Оқу қызметі кезеңдері сақталған. Жазылым оқылым, тыңдалым дағдылары жүргізілді. Оқу қызметінің өту барысы, оқушыға қойылған мақсаты, талаптары, оқушының жас ерекшелігіне сай арналған. Сабақта алған білімдерін тапсырма орындау барысында пайдалана алды. Оқу қызметі соңында оқушылардан кері байланыс алынды. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым – қатынасы жақсы.Ұсыныс: Оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. Жеке және топпен орындайтын тапсырмалар арқылы балалардың белсенділігін арттыру. Сын тұрғысынан ойлауға, ізденіске бағыттауға жағдай жасауды қажет етеді.								
	ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 16-тармағына сәйкес келеді.								
2)	Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау (қорытынды). Талдау нәтижелері: Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген.Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген.Сауалнама нәтижелері мектепалды даярлық тобындағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр. 2017-2018 оқу жылы <table><tr><td>Р/с №</td><td>Дағдылар тізбесі</td><td colspan="2">Мектепалды жасы (5 жастан бастап)</td></tr><tr><td></td><td></td><td>Топтар саны/ балалардың саны</td><td>Дағдыларды игерген балалар саны %</td></tr></table>	Р/с №	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)				Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
Р/с №	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)							
		Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %						

1	Денсаулық сақтау дағдылары	4/67	89%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	4/67	89%
3	Танымдық дағдылар	4/67	94%
4	Шығармашылық дағдылар	4/67	94%
5	Әлеуметтік дағдылар	4/67	94%
2018-2019 оқу жылы			
P/c №	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
1	Денсаулық сақтау дағдылары	4/62	96%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	4/62	96%
3	Танымдық дағдылар	4/62	94%
4	Шығармашылық дағдылар	4/62	94%
5	Әлеуметтік дағдылар	4/62	96%
2019-2020 оқу жылы			
P/c №	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
1	Денсаулық сақтау дағдылары	3/46	86%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	3/46	86%
3	Танымдық дағдылар	3/46	92%
4	Шығармашылық дағдылар	3/46	92%
5	Әлеуметтік дағдылар	3/46	92%
2020-2021 оқу жылы			
P/c №	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
1	Денсаулық сақтау дағдылары	2/30	94%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	2/30	94%
3	Танымдық дағдылар	2/30	96%
4	Шығармашылық дағдылар	2/30	96%
5	Әлеуметтік дағдылар	2/30	96%
2021-2022 оқу жылы			
P/c №	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
1	Денсаулық сақтау дағдылары	3/46	86%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	3/46	86%
3	Танымдық дағдылар	3/46	92%
4	Шығармашылық дағдылар	3/46	92%
5	Әлеуметтік дағдылар	3/46	92%
ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 2- тарау 7- тармақ, 4- тарау 17 - тармаққа сәйкес келеді.			
6. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар			

1)	Жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау. Талдау нәтижелері: Балалар білім беру ұйымына 5 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. 2017-2018 оқу жылында 67 бала 4 топ. Оның ішінде 59 бала жас ерекшелігіне сай 5-жастағы балалар, ал 8-бала 6-жаста. 2018-2019 оқу жылында 62 бала 4 топ. Оның ішінде 59-бала жас ерекшелігіне сай 5-жастағы балалар, ал 2-бала 6-жаста. 2019-2020 оқу жылында 46 бала 3 топ. Оның ішінде 44-бала жас ерекшелігіне сай 5-жастағы балалар, ал 2-бала 6-жаста. 2020-2021 оқу жылында 30 бала 2 топ. Оның ішінде 28-бала жас ерекшелігіне сай 5-жастағы балалар, ал 2-бала 6-жаста. 2021-2022 оқу жылында 46 бала 3 топ. Оның ішінде 40-бала жас ерекшелігіне сай 5-жастағы балалар, ал 6-бала 6-жаста.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1- қосымша 5- тарау 22 – тармақ 2) тармақшаға сәйкес келеді.
2)	Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтау Талдау нәтижелері: Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында білім алушыларды оқуға қабылдау, оқушы құрамынан шығару мектеп директорының бұйрықтарымен жүзеге асырылған. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару мерзімінде жүргізілген. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 5-тарау 22– тармаққа сәйкес келеді.
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.	
1)	білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі. Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымының 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындарына арналған жылдық жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтарына мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жасалған, жоспарға сәйкес жұмыстар толық жүргізілген. Оқу жылындағы тақырыптарда «Жаңа технология сапасын арттыруға және экономикалық жағдайға бейімделген және әлеуметтілікке бағытталған мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту», «Жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мектеп оқушыларының құзыреттілігін білім стандартына сәйкес қалыптастыру», «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыра отырып білім сапасын көтеру», Білім сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне енгізуді жалғастыра отырып, бәсекеге қабілетті саналы ұрпақ тәрбиелеу. «Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу»; Ақпараттық технология және оқыту технологияларын тиімді қолдану арқылы сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; Ақпараттық технологияларды пайдалану, ақпараттық жүйені дамыту; Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруде мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыра отырып, жеке тұлғаға

	бағытталған білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеуде білім мазмұнын жаңарту арқылы Қазақстанның болашағы зерделі тұлғаны қалыптастыру мақсаттары қойылған. Білім алушылардың білімін толықтыру; оқу жүктемесі ҰОЖ-ын жүзеге асыру; қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету; цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау; білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру міндеті қойылған. Жоспарлауда педагогикалық ұжымның алдына қойған міндеттері, жалпыға бірдей білім беруді жүзеге асыруға арналған іс-шаралар, оқу-тәрбие жоспары, мектепшілік бақылау, педагогикалық кеңестер, директор жанындағы кеңестер, мектепшілік тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен, демеушілермен және қоғамдық ұйымдармен жүргізілетін жұмыстар, оқу материалдық базасын нығайту, мектеп әкімшілігінің функционалдық міндеттері айқын көрсетілген. Жоспар ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын ҚР еңбек туралы Заңын, ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандартын, өзге де білім саласының заңнамаларын басшылыққа алып жасалынған. Оқу жылдарында «Білім туралы» Заң мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің құндылықтары, мақсаты, міндеттері оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарларында қамтылып, іс-шаралар белгіленіп, жұмыстар атқарылған. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» контекстінде «Мәңгілік ел», мемлекеттік «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяларының негізіне шоғырланған мәдени сәйкестік және Қазақстандық өзіндік сананы қалыптастыру бойынша жұмыстар, үштілді білім беру, инклюзивті білім беру ұйымдастырылған. Жоспарға сәйкес бағдарламалық даярлық ата-аналармен, педагог кадрлармен, оқушылармен зерттеу жұмыстары, іс-шаралар, әдістемелік отырыстар жүргізілген. Білім алушыларға оқу бағдарламасы бойынша 1-11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамту, оқушылардың компьютерлік, цифрлық сауаттылығын арттыру, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілік бойынша білімін жетілдіру жүзеге асырылған. Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жүргізілген. Бейінді оқытуға байланысты 10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай физика-математика, химия-биология пәндерге бағытталған. Оқу кабинеттерінің материалдық – техникалық базасы жасақталған. Химия, биология, физика кабинеттері талапқа сай жабдықталған. МЖМБС талаптары орындалып, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілген. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты орындалған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 5-7– тармақ, 3-қосымша 2-тарау 7-10– тармақ, 4-қосымша 2-тарау 4-9– тармаққа сәйкес келеді.
2)	Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. 2017-2018 оқу жылында бастауыш білім беруге 292 сағат, негізгі орта білім беруге 403 сағат,

	жалпы орта білім беруге 117 сағат, барлығы 812 апталық жүктеме берілген, 2018-2019 оқу жылында бастауыш білім беруге 316 сағат, негізгі орта білім беруге 472 сағат, жалпы орта білім беруге 117 сағат, барлығы 905 апталық жүктеме берілген, 2019-2020 оқу жылында бастауыш білім беруге 371 сағат, негізгі орта білім беруге 500 сағат, жалпы орта білім беруге 78 сағат, барлығы 949 апталық жүктеме берілген, 2020-2021 оқу жылында бастауыш білім беруге 377 сағат, негізгі орта білім беруге 521 сағат, жалпы орта білім беруге 78 сағат, барлығы 976 апталық жүктеме берілген, 2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 360,5 сағат, негізгі орта білім беруге 457 сағат, жалпы орта білім беруге 80 сағат, барлығы 897,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер 5 жылдағы кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 1062 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 55-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 49-тармақ, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына сәйкес келеді.
3)	Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру. Талдау нәтижелері: Үлгілік оқу жоспарлары сәйкес 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген. 2017-2018 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 25 сынып жинағы, 2018-2019 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 29 сынып жинағы, 2019-2020 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 28 сынып жинағы, 2020-2021 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 30 сынып жинағы, 2021-2022 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 30 сынып жинағы бекітілген. Инвариантты компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Пәндер бойынша оқу бағдаламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны пәндер бойынша негізгі дағдыны үйренуге бағытталып жасалған. Талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес көрсетілген. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің

	сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқу жылы ішінде бағдарламаларында анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен сынып журналы жүргізілген, оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілген. Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекітуді туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 10-23-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 23-34-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 23-28-тармаққа сәйкес келеді.
4)	білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру. Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілген. Оқушылар білім алумен қатар өз белсенділігі мен қоғамдық санасын жаңғыртуға жан-жақты шыңдалып, нәтижелі жетістіктер жеткен. Тәрбие жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттары жинақталған. Тәрбие бағытында жүргізілген жұмыстар және ашық сабақтары жинақталған. Мектепшілік ғылыми-практикалық семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізілген. Нашакорлыққа қарсы күрес мәдениет қалыптастыру мақсатында мектепшілік ұйым құрылған және жүргізілген іс-шаралар жүргізілген. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру және тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасына сай бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар, мектеп оқушыларының пәндік үйірме, спорттық секцияларға оқушылардың қамтылуы, жолда жүру ережесін сақтау, салауатты өмір салты жұмыстарының сандық көрсеткіші көрсетілген. Білім алушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы жұмыс жүргізілген. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі аясында мектепшілік «Жас ұлан» бірлестігі жұмыс атқарған. «Жас ұрпақ» ұйымында жүргізілген жұмыстары жинақталған. Республикалық Бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі бекітілген. «Жас ұлан» ұйымына – 118 оқушы қамтылған. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне арналған сынып сағаттары өткізілген. Тәрбие жұмысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыттар белгіленіп жүргізілген. «Мектеп Парламентін сайлау» науқаны өткізіліп, 8-11 сынып оқушыларының белсенді, көшбасшы оқушылары қатысқан. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «Дарабоз», «Білім биржасы», «Жұлдызды сәт» интеллектуалды ойындар, «Әлемде тыныштық орнасын!» сурет байқауы, «Жастар зиянды заттарды қолдануға қарсы!» мектепшілік жасөспірімдерге арналған форум, «Бала құқығы басты назарда» векторина, «Менің таңдауым – салауатты өмір» акциясы ұйымдастырылған. Ұлттық тәрбие аясында халықтардың мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы, мемлекеттік тіл, мемлекеттік рәміздер, өлкетану бағытында саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру, тарихи-мәдени мұралар бойынша, өзге де тәрбие саласына қатысты шаралар жасалған. Оқу жылдарында тәрбиелік іс-шаралар жүргізіліп, бекітілген сынып жетекшілері мен педагогтар арқылы жүзеге асырылып отырған. 2021-2022 оқу жылында барлығы 528 оқушы, барлық сынып жинағы -30, бастауыш білім беруде 14 сынып жинағы, негізгі орта білім беруде 14 сынып жинағы, жалпы орта білім беруде 2 сынып жинағы бойынша тәрбиелеу үрдісі жүргізілуде. Мектептегі мониторинг бойынша қамқоршы тәрбиесінде - 2 оқушы, патронат тәрбиесінде – 0 оқушы, тұл жетім - 0, қолайсыз 3 отбасында 6 оқушы, үйде оқитын - 6 оқушы, көп балалы отбасында - 124 оқушы, әкесі қайтыс болған 12, анасы қайтыс болған - 2, аз қамтылған отбасында

	- 24 оқушы, өгей әкемен бірге тұратын - 19 оқушы, өгей анамен бірге тұратын - 1 оқушы білім алуда. Жалпы қазіргі уақытта мектеп бойынша бала саны - 521 және 439 отбасы саны анықталған. Сынып жектешілер, педагог-психолог және әлеуметтік педагогтармен бірлесе отырып қолайсыз, патронат, үйде оқитын оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру, актілеу жұмысы жүргізілген. Сабаққа қатыспаған оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Кәмелет жасқа толмағандар мен жасалған бұзақылық, қылмыстық іс тіркелмеген. Аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсету үшін тамыз айында «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілген. Жалпы акция барысында АӘК алатын, күн көрісі төмен отбасынан шыққан 20 оқушыға 190500 (бір жүз тоқсан мың бес жүз) теңгенің көлемінде қайырымдылық көмек көрсеткен. Тәрбие жұмысының басым бағыттары әрбір оқу жылында айқындалған, ағымдағы жылғы бағыттар Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; Рухани-танымдық тәрбие; Ұлттық тәрбие; Отбасылық тәрбие; Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтыбойынша атқарылуда. Мектепте балаларды интеллектуалды және адамгершілік тұрғыдан дамыту, оның ішінде әдептілік, сыпайылық, сыйластық, жанашырлық т.б. өзге де шаралар жоспарда қамтылып жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілген. Тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, мән-мағынасы сақталған, жүргізген іс-шаралар сапалы өткізілген. Отбасылық тәрбие бағыты, «Отбасы-мектеп» жобасы аясында 9 класс білім алушыларының класс жетекшілері «Қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» тақырыпта қыздарға арналған дөңгелек үстел өткізілген. «Қыз тұлғасының психологиялық сипаты» тақырыбында педагог-психолог қыздарға арналған дөңгелек үстел және ішкі жан дүниенің сыртқы келбетімен тең келуі, тұлғалық кешендерден арылу, өмірдің шынайы әсемдігін көре алуды дамыту мақсатында «Өзіне сен!», «Бақша қамқоршысы!», «Сиқырлы ана!», «Кастинг!», «Медальдің екі жағы!», «Тәж!» атты түрлі тренинг жаттығуларын өткізілген.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2, 3,4-қосымша 1-тарау 3– тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 12, 14, 15– тармақ, 4-қосымша 2-тарау 15, 16– тармаққа сәйкес келеді
5)	Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру. Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Үйірмелер мектепшілік, мектептен тыс жүргізіледі. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. 2017-2018 оқу жылындағы мектепшілік 9 үйірмеге 214 оқушы-485%, 2018-2019 оқу жылындағы мектепшілік 11 үйірмеге 256 оқушы-53,8%, 2019-2020 оқу жылындағы мектепшілік 14 үйірмеге 301 оқушы-56,6%, 2020-2021 оқу жылындағы мектепшілік 19 үйірмеге 351 оқушы яғни 66,4% қамтылған. 2021-2022 оқу жылында дүйсенбі-жұма күндері 15:00-18:00 аралығында 12 спорттық секция мен 8 үйірме өз жұмысын жасайды. Олар - баскетбол, волейбол, футбол, асық ату, бес тас, жеңіл атлетика, бокс, шахмат, шаңғы, тоғызқұмалақ, гандбол, теннис, хоккей, робототехника, IT, домбыра, хор, вокал. Мектеп бойынша барлығы 528 оқушының үйірмелер мен спорттық секцияларға 363 оқушысы қамтылып отыр, ол 68,7% құрайды. Білім алушылармен қазақстандық патриотизм сезім, құқықтық және азаматтық сана-сезім, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығы, парасаттылық пен адалдық, толеранттылық, еңбекке деген құрмет, «толық адам» қасиеттері және зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғыл мен әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алу, адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, отбасы мүшелері

арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туыскандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік, еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік, эстетикалық сана, эстетикалық талғам, зияткерлік ұстаным, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы, ақпараттық мәдениет, салауатты өмір салты, дене шынықтыру мен спортпен дене бітімін жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау бағытында іс-шаралар жоспарланып жүргізілген. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша, «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз, балалар!» атты жолда жүру тәртібі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, класс сағаттары өткен. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «Денсаулығы ғаламның-денсаулығы адамның» тақырыбында денсаулық фестивалы ұйымдастырылды. Бастауыш класс оқушылары онлайн форматта спорттық жаттығулар жасап, видеороликтерін ұсынса, 5-11 класс аралығында спорттық жарыстар ұйымдастырылған. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие, «Еңбек – елдің мұраты» жобасы аясында, салауатты өмір салтын ұстану, табиғатқа деген қамқорлықты арттыру мақсатында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының оқушылары «ПЛОГГИНГ», «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы, «Үнем – қоғам қуаты» жобасы негізінде 1-7 класс білім алушыларының арасында «Күз кереметі» көрмесі ұйымдастырылған.

Білім алушылар қалалық, облыстық, республикалық конкурстарға қатысып оқушылар өзіндік жұмыспен айналысқан. Ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу жүргізілген. Каникул күндерінде отбасылық сайыстар, спорттық жарыстар, патриоттық әндер байқауы өткізілген. Пән мұғалімдері өзара тәрбие сағаттарына оқушылардың тәртібін бақылау, тәжірибе алмасу мақсатында қатысып отырған, талдау жасалған. Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау жұмыстары бойынша мониторинг, диаграммалар жасалған. Іс тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отырысымен шектелген.

2021-2022 оқу жылындағы Республикалық «Адам құқықтары – Менің құқықтарым» атты бейнероликтер флешмобында Алғыс хатпен, «Ұшқыр ой алаңы» тақырыбындағы пікір-сайыста нәтижеге жеткені үшін ІІІ орынмен марапатталған. «Ұлттық лига» спорттық жарысынан жүлделі орындарға ие болған.

Спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

Бағыты	Қала	Облыс	Республика	Халықаралық	Жалпы саны
2017-2018 оқу жылы	6	1			7
2018-2019 оқу жылы	6	2			8
2019-2020 оқу жылы	3	1			4
2020-2021 оқу жылы	4				4
2021-2022 оқу жылы	6		1		7

Мектепте сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандары ұйымдастырылған. Білім алушылардың Облыстық, Республикалық, Халықаралық байқауларға қатысуы жақсы. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері 1.4 бөлімі бойынша

	бағасы zhaqsy.
	ҚОРЫТЫНДЫ: ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 3– тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 16– тармақ, 4-қосымша 2-тарау 17– тармаққа сәйкес келеді.
6)	Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандарты деңгейі). Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп жаратылыстану-математикалық бағыт, өзге 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыт таңдалған. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілген. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген. Педагогикалық кеңесте қаралған. 2017-2018 оқу жылында жалпы орта білім беруде 3 сынып, 117 сағат апталық жүктеме берілген, 2018-2019 оқу жылында жалпы орта білім беруде 3 сынып, 117 сағат апталық жүктеме берілген, 2019-2020 оқу жылында жалпы орта білім беруде 2 сынып, 78 сағат апталық жүктеме берілген, 2020-2021 оқу жылында жалпы орта білім беруде 2 сынып, 78 сағат апталық жүктеме берілген, 2021-2022 оқу жылында жалпы орта білім беруде 2 сынып жинақталып, 80 сағат апталық жүктеме берілген, апталық жүктеме үлгілік оқу жоспарға сәйкес бағыттар бойынша беріліп, бекітілген. 2019-2020 оқу жылында 10-сыныпта Тереңдетілген деңгей (физика, география) мен Стандарттық деңгейден (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), 2020-2021 оқу жылында 10-11-сыныптарда Тереңдетілген деңгей (физика, география, биология, химия) мен Стандарттық деңгейден (дүние жүзі тарихы, графика және жобалау) таңдау пәндері жүргізілген. Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 13, 14, 22-27-тармаққа сәйкес келеді.
7)	Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту ұйымдастырылған. 2017-2018 оқу жылында 3 оқушы, 2018-2019 оқу жылында 4 оқушы, 2019-2020 оқу жылында 7 оқушы, 2020-2021 оқу жылында 6 оқушы, 2021-2022 оқу жылында 10 оқушы дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымында оқи алмайтын оқушыға бұйрық шығарылып, үйде ақысыз жеке оқыту ұйымдастырылған. 2017-2018 оқу жылында 26 сағат, 2018-2019 оқу жылында 34 сағат, 2019-2020 оқу жылында 50 сағат, 2020-2021 оқу жылында 68 сағат, 2021-2022 оқу жылында 136 сағат апталық жүктеме бөлініп, жеке жұмыс жоспары мен бағдарламасы, сабақ кестесі бекітілген. 2017-2018 оқу жылында 3 оқушы, 2018-2019 оқу жылында 4 оқушы, 2019-2020 оқу жылында 7 оқушы, 2020-2021 оқу жылында 6 оқушы, 2021-2022 оқу жылында 10 оқушы жалпы оқыту бағдарламасына сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде денсаулық жағдайына байланысты оқытылатын балаларға жеңілдетілген оқу бағдарламалары пайдаланылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Сабақ беретін пән мұғалімдерін инклюзивті бағытта біліктілік арттыру курсынан өткізілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен тандау курстарын іске асыру.

Білім алушылар қалалық, облыстық, республикалық түрлі шығармашылық сайыстар, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысқан. Нәтижесі қорытындыланған.

көрсеткіші

Пәндер	2016-2017 оқу жылы			2017- 2018 оқу жылы			2018- 2019 оқу жылы			2019- 2020 оқу жылы			2020-2021 оқу жылы		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Физика						1		1				1			
Информатика		1				1			1				1	1	
Математика		1				1		1	1			1			
Тарих	1				1	1		1	1					1	
Құқық негіздері			1		1			1			1				1
Орыс тілі		1		1		1		1	1		1		1	2	
Ағылшын тілі			1								1	2			2
Химия		1							1						
Биология	1	1			1	1		1	1		1				
География					1				1	1		1			
Қазақ тілі		1	1		1	1		1	1		1			1	
Барлығы	2	6	3	1	5	7		7	8	3	5	3	2	5	3

	Олимпиада	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021
	Қалалық	11	13	15	8	8
	Облыстық	2	1		3	2
	Республикалық					
	1-7 сынып оқушылары арасында өткізілген «Зерде» республикалық конкурсының аудандық кезеңінде тарих, өлкетану секциясында 3 оқушы, медицина секциясында 4 оқушы, робототехника бойынша 1 оқушы, экология,валеология бойынша 2 оқушы, физика,техника секциясы бойынша 2 оқушы облыстық,республикалық кезеңдеріне қатысып,жүлделі орындармен марапатталды. Аудандық, облыстық «Шығыс Аристотелі-Абу Насыр Аль-Фараби» жобалар байқауында 4 оқушы қатысып, 1,2,3 орындармен марапатталды. 8-11 класс оқушыларына арналған «Дарын» ғылыми жобалар байқауында 4 оқушы қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Аудандық «Жергілікті жердің әлеуметтік және мәдени дамуына қосар үлесі» атты жобалар байқауында 3 оқушы марапатталған. Білім алушылар аудандық, облыстық, республикалық түрлі шығармашылық сайыстар, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатыстырылып нәтижеге жеткен. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері 1.3 бөлімі бойынша бағасы. zhaqsy. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау, 41-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 55-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 49-тармақ,«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына сәйкес келеді.					
9)	"Өмірқауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының зерделеу. Талдау нәтижелері:«Өмірқауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары жүргізілген.Курс мазмұны 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесі мен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылған.Күntізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген.Оқушылардың қауіпсіз шарттардағы мінез-құлықтары, Төтенше жағдайдағы оқшауланған сипаты, Адам өмір тіршілігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардағы қауіпсіздігі, Азаматтық қорғаныс, Медициналық білім негіздері және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері, Салауатты өмір салтының негіздері мазмұнындағы сипатта атқарылған.Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі сынып журналдарында берілген. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 24-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 75-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 81-тармаққа сәйкес келеді.					
10)	"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсының іске асыру. Талдау нәтижелері: "Жолда жүру ережелері" оқу курсы 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары жүргізілген. Курс мазмұны 1-4 – сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілері мен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылған. Күntізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8 - сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілген. Сонымен қатар жол қауіпсіздігі жөнінде жалпы ата-аналар жиналысын ұйымдастырған.					

11)	білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.
------	---

Талдау нәтижелері: Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар ұсынылған. Құжаттарды зерделеу барысында кезендер бойынша талаптар сақталған. Білім беру ұйымы оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар қызметкерлермен қамтамасыз етілген. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарлары бойынша әзірленген оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар 58 педагог оқытушы кадрлармен жасақталған. Пәнді оқыту мұғалімдердің біліктілігіне сәйкес берілген. Педагогтардың жоғары және техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі, негізгі жұмыс орны мектеп болғандығы, сотталмағандығы, санаты, медициналық тексеруден өткені, оқытатын пәні туралы мәліметтер қамтылған.

Білімі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық мұғалім саны	Білімі		
		Жоғары білімді	Арнаулы орта білімі бар	Педагогикалық мамандығы сәйкес емес
2021-2022	58 (10 декрет)	42	16	-
2020-2021	58 (9 декрет)	45	13	-
2019-2020	55 (9 декрет)	40	15	-
2018-2019	60 (12 декрет)	38	22	-
2017-2018	57 (8 декрет)	41	16	-

[illegible]

Оқу жылы	Барлық мұғалім саны	Санаты бойынша							Жоғ, I санат %
		Педагог-зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I санат	II санат	Педагог	
2021-2022	58 (10 декрет)	4	16	24	0	3	1	10	39,6 %
2020-2021	58 (9 декрет)	5	7	20	1	8	6	11	36,2 %
2019-2020	55 (9 декрет)	3	6	14	3	8	12	9	36,3 %
2018-2019	60 (12 декрет)	1	3	9	4	12	22	9	33,3 %
2017-2018	57 (8 декрет)	-	-	-	6	16	24	11	38,5 %

	)								%
--	---	--	--	--	--	--	--	--	---

Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 35 %-дан жоғары, негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі 35 % жоғары.

Бейне материалдар ұсынылған. Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет ұсынылған. Мектепте медициналық қызметке байланысты медициналық жабдықтармен жабдықталған арнайы бөлме жұмыс жасайды. Хромтау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының 19.11.2019 жылы білім беруге рұқсат берілген №10387DD лицензиясы бар. Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер берілген. 130 орындық мектеп асханасы жабдықталып, жұмыс жүргізілген. № D.12.X.KZ46VWF00054135 санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қорытындысы алынған, тамақтандыру объектісін ИП «Кеншенбаева Г.Ш.» (Кеншенбаева Гулян Шынбаевна) 02.12.2021 жылы жалға берілген. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер ұсынылған. Мектеп 600 орындық, 2 қабатты типтік жобада салынған, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң ауылдық округі, Дөң ауылы, Бейбітшілік көшесі, 50 ғимаратта орналасқан, мектеп ғимараты 2018 жылы іске қосылған. Материалдық-қаржылық активтері бар, мемлекеттік меншік, жедел басқару құқығында. Үй-жайларда тұру үшін жағдай жасалған. 21 кабинеті, 3 зертхана, 1 мәжіліс зал, 2 спорт залмен қамтамасыз етілген, әлеуметтік-тұрмыстық, оның ішінде өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар-31, қол жуғыштар-40) бейнебақылау (30) бар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған, кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықталған, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояған. Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер көрсетілген. Ғимараттың жалпы ауданы 45641,6 ш.м. жалпы жұмыс ауданы 8478,7 ш.м. пән кабинеттері 31, физика, химия, биология пәндері бойынша 3 зертхана мен пән кабинеттерінде оқу-зертхана жабдықтары алынған. Мәжіліс залы, спорт залы бар, 4 информатика кабинеті, жиһаз, жеке пайдалануға арналған шкафтар, бейнекамералар бар. Кітапхана 99,6 ш.м. орналасқан, edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атау info@don.edu.kz Интернет жылдамдығы 20 Мб/с. Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер берілген. Кітап қоры – 12555 дана, оқу пәні бойынша кітап саны 10674, білім алушы саны 521, оқу әдебиеті 1339, оқу-әдістемелік, көркем, ғылыми әдебиеттер 542 болып қамтамасыз етілген. Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер бойынша біліктілік талабына сәйкес келеді.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі (46,6 %) 1.1 бөлімі бойынша бағасы *uzdik*. Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі (37,2%) 1.2 бөлімі бойынша бағасы *ortasha*. Интернет желісіне қосылу 1.5 бөлімі бойынша бағасы *uzdik*.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекітутуралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

	жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 36-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 29-тармаққа сәйкес келеді.
3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің жоғары көлеміне қойылатын талаптар.	
1)	Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы. Талдау нәтижелері: 2017-2018 оқу жылында бастауыш білім беруге 292 сағат, негізгі орта білім беруге 403 сағат, жалпы орта білім беруге 117 сағат, барлығы 812 апталық жүктеме берілген, 2018-2019 оқу жылында бастауыш білім беруге 316 сағат, негізгі орта білім беруге 472 сағат, жалпы орта білім беруге 117 сағат, барлығы 1241 апталық жүктеме берілген, 2019-2020 оқу жылында бастауыш білім беруге 371 сағат, негізгі орта білім беруге 500 сағат, жалпы орта білім беруге 78 сағат, барлығы 949 апталық жүктеме берілген, 2020-2021 оқу жылында бастауыш білім беруге 377 сағат, негізгі орта білім беруге 521 сағат, жалпы орта білім беруге 78 сағат, барлығы 976 апталық жүктеме берілген, 2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 360,5 сағат, негізгі орта білім беруге 457 сағат, жалпы орта білім беруге 80 сағат, барлығы 897,5 сағат апталық жүктеме берілген. Жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған. Оқу жылын зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 29, гимназиялық сыныптарда 30 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33, гимназиялық сыныптарда 35 сағаттан, 7-сыныпта – 34, гимназиялық сыныптарда 36 сағаттан, 8-сыныпта – 36, гимназиялық сыныптарда 37 сағаттан, жалпы орта білім беруде 39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 40-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 54-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 48-тармаққа сәйкес келеді.
2)	Білім алушылардың инварианты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы. Талдау нәтижелері: Ұсынылған материалдары зерделеу барысында оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Білім беру ұйымы таңдаған үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған. 2021-2022 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – апталық 90 сағат, жылдық 2970 сағат, 2-сыныпта – апталық 100 сағат, жылдық 3400 сағат, 3-сыныпта – апталық 135 сағат, жылдық 4590 сағат, 4-сыныпта – апталық 108 сағат, жылдық 3672 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 62 сағат, жылдық 2108 сағат, 6-сыныпта – апталық 62 сағат, жылдық 2108 сағат, 7-сыныпта – апталық 68 сағат, жылдық 2312 сағат, 8-сыныпта – апталық 35 сағат, жылдық 1190 сағат, 9-сыныпта – апталық 36 сағат, жылдық 1224 сағат, сонымен қатар лицей сыныптарына арналған оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. 10-11-сыныпта – апталық 70 сағат, жылдық 2380 сағатты құрайды. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 55-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 49-тармаққа сәйкес келеді.
3)	Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

	Талдау нәтижелері: Оқу жылдарында инвариантты және вариативті компонент бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған. 2017-2018 оқу жылында 1-4-сыныпта 7 сыныпта, 5-9-сыныпта 5 сыныпта, 10-11-сыныпта 1 сыныпта, 2018-2019 оқу жылында 1-4-сыныпта 5 сыныпта, 5-9-сыныпта 6 сыныпта, 10-11-сыныпта 1 сыныпта, 2019-2020 оқу жылында 1-4-сыныпта 7 сыныпта, 5-9-сыныпта, 10-11-сыныпта 2 сыныпта, 2020-2021 оқу жылында 1-4-сыныпта 6 сыныпта, 5-9-сыныпта 7 сыныпта, 10-11-сыныптарда 1 сыныпта, 2021-2022 оқу жылында 1-4-сыныпта 4 сыныпта, 5-9-сыныпта 6 сыныпта, 10-11-сыныптарда 2 сыныпта екі топқа бөліп оқыту жүргізілген. Бастауыш білім беру деңгейінде орыс тілі, шетел тілі, өзін-өзі тану, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/цифрлық сауаттылық, негізгі орта білім беру деңгейінде орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, технология/көркем еңбек, информатика, дене шынықтыру, жалпы орта білім беру деңгейінде орыс тілі, шетел тілі, информатика, бейінді пәндер, технология, дене шынықтыру пәндері бойынша бөліп оқыту жүзеге асырылған. Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген. 6г, 7г- сыныптарында негізгі орта білім беру деңгейінде аталған пәндерден инклюзивті білім беру аясында сыныпты топтарға бөлу білім алушылардың жалпы саны ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған. жалпы орта білім беру деңгейінде сыныптарды топтарға бөлу инвариантты компонент пәндері бойынша сабақтар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан жүргізілген. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 42,43-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 57, 58-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 50, 51,51-1-тармаққа сәйкес келеді.
4.	Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.
1)	ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер). Талдау нәтижелері: Оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың дайындық деңгейі «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексерген, ағымдық бақылау жүргізген. Білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігі көлемінің мазмұнын меңгеру сапасы бағаланып аралық бақылау жасалған. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Аралық және қорытынды аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделген. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген, бақылау жұмыстары атқарылған, сынып журналдарында көрсетілген. Практикалық және зертханалық, бақылау жұмыстары оқу пәніне байланысты орындалып, білім мазмұны игерілген. 2017-2018 оқу жылында 443 оқушы, 2018-2019 оқу жылында 475 оқушы, 2019-2020 оқу жылында 531 оқушы, 2020-2021 оқу жылында 528 оқушы, 2021-2022 оқу жылында 528 оқушы бойынша оқыту үрдісінің нәтижесі бағаланған. Білім сапасы 2017-2018 оқу жылында 52%, 2018-2019 оқу жылында 56%, 2019-2020 оқу жылында 63%, 2020-2021 оқу жылында 60%, қазіргі уақытта білім сапасы- 59% құрайды. Бақылау барысында білім алушылар оқу бағдарламасын меңгергендігі анықталып, білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі бағаланған. Ұсынылған материалдарды қарау барысында бейнеконтенттегі инвариантты компоненттегі пәндер бойынша мұғалімдердің сабақтары қаралды, сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі, формативті бағалаудың өткізілуі, педагогтың кері байланыс жасауы, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы, әрбір білім алушыға жеке көңіл бөлу, сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану,

	мұғалімдердің оқыту үдерісінде белсенді әдіс –тәсілдерді қолдануы, өзге де оқыту үдерісі зерделенді.Төмендегідей ұсынымдар жасалады:бастауыш білім беруде- оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көбірек тапсырмалар беру, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде-оқушылардың жеке ізденісіне, сөйлеу мәнеріне көңіл аудару, сабақ барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қадағалау; ағылшын тілі пәнінде- оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көбірек тапсырмалар беру, оқушылардың белсенділігін арттыру, топтық тапсырмаларды жүйелеу, орыс тілі мен әдебиеті пәнінде- үй жұмысына дифференциалды тапсырма берілуін жүйелеу, оқушылардың қызығушылығын арттыру, сабақта олқылығы бар оқушылармен жұмыс жасау, оқушылардың коммуникативті (сөйлеу) дағдыларын дамыту, рефлексия кезеңінде балалармен кері байланыста жұмыс жасау; физика пәнінде- көрнекіліктерді тиімді пайдалану, сабақтарда цифрлық білім ресурстарын тиімді қолдану, сыныпта қолайлы атмосфера орнату; математика, алгебра, геометрия пәнінде- сабақ барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, сабақта уақытты тиімді пайдалану; химия, география, биология пәнінде- оқушыларды географиялық, биологиялық тілде сөйлеуіне, оқушылардың жеке ізденісіне көңіл аудару, сабақта белсенді әдіс –тәсілдердің қолданылуына баса назар аудару; информатика пәнінде- сабақ барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, оқушылармен кері байланыс жүргізуді жүйелеу; көркем еңбек, музыка пәнінде- оқыту процесінде жаңа әдіс-тәсілдер қолдану, білім алушыларға жеке көңіл бөлу; дене шынықтыру, АӘТД пәнінде-сабақ барысында белсенді оқу ортасын құру, оқушылардың қызығушылығын арттыруда түрлі әдіс -тәсілдерді енгізіп, сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру, сабақта қауіпсіздік ережелерінің сақталуын үнемі назарға алу ұсынылады.Білім алушылардың дайындық деңгейі талаптарға сәйкес жасалған. ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 54-60- тармақ, 3-қосымша 4-тарау 66-75-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 67-80- тармаққа сәйкес келеді.
2)	2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігіне сәйкес ескеріп отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау. Талдау нәтижелері: Оқу жылдарында теориялық және практикалық сабақтар бойынша сынып журналдары жүргізілген. Бастауыш білім беру деңгейіндегі 2-4-сыныптарда үй тапсырмалары берілген. Үй тапсырмасын (бір оқу күніне) беруде орындауға жұмсалатын уақыт шығыны ескерілген, үй тапсырмасының көлемі мен мазмұны бойынша білім алушылардың орындау мүмкіндігі бар. Үй тапсырмасын орындауға 2-сыныпта 50 минуттан, 3-4-сыныптарда 70 минуттан аспайтын деңгейде оқу тапсырмалары берілген. Сынып журналын зерделеу барысында оқу жылдары бойынша 2,3,4-сыныптарда үй тапсырмасының орындалуы 100% құрайды. Білім алушылардың мүмкіндігі ескеріліп берілген үй тапсырмалары бойынша талаптар сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 61- тармаққа сәйкес келеді.
3)	Білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау. Талдау нәтижелері: Оқу жылдарындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілгендігі анықталды. Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Оқушылар қозғалысы

	бойынша (ауысқан) бағалау түсірілген. Қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау бойынша балдар қойылған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері жазылған. Оқыту барысында кейбір пәндерден қалыптастырушы бағалау қоры аз. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Бөлім бойынша жиынтық бағалау 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11- сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 63, 64, 65- тармақ, 3-қосымша 4-тарау 77, 78- тармақ, 4-қосымша 4-тарау 83, 84- тармаққа сәйкес келеді.
4)	МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау. Талдау нәтижелері: Оқу жылдарында білім беру ұйымында әрбір адамның өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылған. Жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, жеке оқу жоспары мен оқу бағдарламалары дайындалған. Оқу жетістері бағаланып сынып журналдарына түсірілген. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген. Танымдыққа жеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шараларын жүргізген. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастырып, барлық білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз еткен, барлық білім алушыға ортақ инварианттық бөлім сақталған. Ерекше білім беруді қажеттететін балалар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырған. 2017-2018 оқу жылында 3 оқушыға, 2018-2019 оқу жылында 4 оқушыға, 2019-2020 оқу жылында 6 оқушыға, 2020-2021 оқу жылында 6 оқушыға, 2021-2022 оқу жылында 10 оқушыға үлгілік оқу жоспарға сәйкес жасалып бекітілген жұмыстық оқу жоспары бойынша түзету жұмыстары жүргізілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуда сараланған, деңгейліктәсіл қолданылған, білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезеңінде есепке алынып, қорытындыланған, білім беру процесінің барлық кезеңдерінде іске

	асырылған. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізіліп инклюзивті білім беру талаптарын сақтау шаралары атқарылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 67- тармақ, 3-қосымша 4-тарау 80-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 86- тармаққа сәйкес келеді.
5.	Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.
1)	Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау. Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен 1- сыныпқа қабылдау, 10-сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, оқушылар жинақталған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған. 2017-2018 оқу жылының басында 1-11 сыныптарда 443 оқушы. Жыл бойында кеткен оқушылар 16, келген оқушылар 17. 2018-2019 оқу жылының басында 475 оқушы. Жыл бойында кеткен оқушылар 6, келген оқушылар 4. 2019-2020 оқу жылының басында 505 оқушы. Жыл бойында кеткен оқушылар 6, келген оқушылар 7. 2020-2021 оқу жылының басында 531 оқушы. Жыл бойында кеткен оқушылар 15, келген оқушылар 14. 2021-2022 оқу жылының басында 528 оқушы. Кеткен оқушы 13, келген оқушы 6. Қазіргі таңда 521 оқушы. Мектептен құқыққа қарсы әрекет еткені жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымындағы 2017-2018 оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен оқушы 1- сыныпқа 58 оқушы, 10- сыныпқа 17 оқушы қабылданған. 2018-2019 оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен оқушы 1- сыныпқа 73 оқушы, 10-сыныпқа 24 оқушы қабылданған. 2019-2020 оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен оқушы 1- сыныпқа 64 оқушы, 10- сыныпқа 10 оқушы қабылданған. 2020-2021 оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен оқушы 1- сыныпқа 62 оқушы, 10- сыныпқа 26 оқушы қабылданған. 2021-2022 оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен оқушы 1- сыныпқа 53 оқушы, 10-сыныпқа 22 оқушы қабылданған. Білім беру ұйымының аумағында тұратын барлық балалар қабылданған, сынып жинағы қалыптастырылған. Бастауыш білім берудің деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл, Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл, Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 73-тармақ, 3-қосымша 5-тарау 96-тармақ, 4-қосымша 5-тарау 99-тармаққа сәйкес келеді.
2)	Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау. Талдау нәтижелері: Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 25 мамырда аяқталған. Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 2017-2018 оқу жылында 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2017 жылғы 30 қазан -5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2017 жылғы 29 желтоқсан – 2018 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2018 жылғы 21 наурыз – 2 сәуірді қоса алғанда), 1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2018 жылғы 1-7 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул берілген. 2018-2019 оқу жылында 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2018 жылғы 29 қазан - 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2018 жылғы 31 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды

	қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2019 жылғы 21 наурыз – 2 сәуірді қоса алғанда), 1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2019 жылғы 4-10 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленген. 2019-2020 оқу жылында 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2019 жылғы 28 қазан - 3 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2019 жылғы 30 желтоқсан – 2020 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 21 күн (2020 жылғы 16 наурыз – 5 сәуірді қоса алғанда), 1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленген. 2020-2021 оқу жылында 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында), 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында) берілген. 2021-2022 оқу жылында 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында) берілген. Барлық сыныптарда оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығының талаптары сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 74, 75, 76- тармақ, 3-қосымша 5-тарау 97, 98- тармақ, 4-қосымша 5-тарау 100, 101- тармаққа сәйкес келеді.
--	--

ҚОРЫТЫНДЫ: Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Дөң мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Кемшіліктер мен ескертулер.

1. Мектепалды даярлық тобында педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді.
2. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жетілдіру.
3. Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстыруды арттыру.
4. Оқыту барысында: Оқу қызметінде дәстүрлі сабаққа қарағанда жаңартылған білім беру мазмұнына сай элементтерді дамытып, пайдалану. Педагог оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану құзыреттілігін дамыту. Цифрлық білім беру ресурстарымен жұмыс жасауды жетілдіру. Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелеріне қатысты кері байланыс жүргізу. Жеке және топпен орындайтын тапсырмалар арқылы балалардың белсенділігін арттыру. Сын тұрғысынан ойлауға, ізденіске бағыттауға жағдай жасау.
5. Тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру.
6. Білім алушыларды шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Білім беру ұйымында мұғалімдерге оқыту барысындағы әдіс-тәсілдерді арттыру бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізу, іс- тәжірибе алмасу, озық тәжіибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағытында шараларды арттыру.
2. Мектепалды даярлық тобында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жетілдіру.
3. Білім алушыларды шығармашылық байқауларға қатыстыру.
4. Оқу-тәрбие жұмыстары бойынша іс-шаралар мазмұнын дамыту.
5. Тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы:

- «zhaqsy» - 4

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы:

- «zhaqsy» - 4

Комиссияның 2022 жылғы «28» ақпандағы №2 хаттамалық шешімі

Комиссия төрағасы:

(қолы)

Құрманов Абзал Еркінұлы

(толық аты -жөні)

комиссия мүшелері :



(қолы)

Бижанова Динара Маратовна

(толық аты -жөні)



(қолы)

Нуржанова Эльмира Зейноллаевна

(толық аты -жөні)



(қолы)

Кенесова Айгүль Кауыпбаевна

(толық аты -жөні)



(қолы)

Биржанова Айзат Айтүгановна

(толық аты -жөні)



(қолы)

Бекова Гаухар Калдыбаевна

(толық аты -жөні)



(қолы)

Митонова Гүльден Анарбековна


(толық аты -жөні)



(қолы)

Ермеккарина Айзат Құлтасбайқызы

(толық аты -жөні)



(қолы)

Иржанова Шара Боранбаевна

(толық аты -жөні)